

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 2023 жылғы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық анықтама

Түркістан облысы

17.05.2024 жыл

Кіріспе бөлім:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Ішкі талдау) жүргізу негіздеме:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы;

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік кағидаларын бекіту туралы» 16.01.2023 жылғы №21 бұйрығы;

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі - кәсіпорын) басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» ШЖҚ МКК «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» басшысы Б.Мырзагелдиевтың 2024 жылғы 6 мамырдағы № 138 н/қ бұйрығы.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектілері:

Осы анықтаманың 1-қосымшашына сәйкес, Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасы «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-ның жоспарлау бөлімі, бухгалтерлік есеп-қисап бөлімі, кадр бөлімі, шаруашылық бөлімі және жедел жәрдем бекеттері.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген жұмыс тобының мүшелері:

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны басшысының орынбасары – Ахметова Дана Сейткаримовна - топтың төрағасы, Басшының экономикалық және әкімшілік қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары м.у.а Ғ.Сәрсенбай, Бас есепші м.у.а Уисинбаева Жансая Адильхановна, Кадр бөлімінің басшысы м.у.а Омар Орынбасар Әбубәкірұлы, Еңбек қорғау және техника қауіпсіздік инженері, комплаенс офицері- Туленов Дастан Рүстемұлы.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі:
2024 жылдың 17 мамыр – 28 маусым аралығы.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қамтыған кезең:
2023 тамыз айынан 2024 жылдың маусым айы.

6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында шектеу немесе кедергі жасау:

Сыбайлас жемқорлық ішкі талдау жүргізу барысында жұмысшы топ мүшелеріне шектеу немесе басқада кедергі жасау болмады.

7. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бағыттары.

1.Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі бойынша сыбайлас

Сипаттама бөлімі:

1. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.

1) Персоналды басқару

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жұмысшы тобы бөлімінің өз қызметінде басшылыққа алатын Заңдар, Кодекстер, нормативтік-құқықтық актілер, басқа да құқықтық актілерді қарастырады.

Қазіргі таңда «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-да барлығы штат бойынша 2449 адам жұмыс жасайды.

2023 жылдың тамыз айынан бастап кәсіпорынмен еңбек шартын бұзғандар саны-61 адамды құраса, еңбек шартын түзгендер саны 125 адамды құрайды. 2024 жылдың 5 айында кәсіпорынмен еңбек шарты бұзылғандар саны – 50 адам құраса еңбек шартын түзгендер саны 97 адам құрады.

ҚР әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 98 бабына сәйкес кәсіпорында бос жұмыс орын туралы ақпараттарды enbek.kz сайтына мерзімінде орналастырылады.

Азаматтарды жұмысқа қабылдау Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы басшысының 04.04.2023 жылғы № 78 н/қ бұйрығы негізінде құрылған комиссия мүшелерімен жүзеге асырылады. Комиссия мүшелері саны бес адамнан тұрады. Жұмысқа орналасуға үміткер өз біліктілігін комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауап беріп, тиісті баға алу арқылы хаттама түзіліп қабалданады.

Талдау жүргізу барысында бос жұмыс орындары туралы ақпараттарды желіге орналастыру бойынша және азаматтарды жұмысқа қабылау кезінде заң бұзушылықтар анықталмады.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бірінші орынбасары сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет генерал майоры Д. Малаховтың 17.08.2023 жылғы №3-3-2\7159-и шығыс хатына байланысты ішкі талдау комиссиясы басшы орынбасарлары, бөлім басшылары мен бекет менгерушілерінің қызметтік нұсқаулығын тексеру кезінде әкімшілік шаруашылық және ұйымдастырушылық-өкімдік функциялары көрсетілгенін анықтада.

Кәсіпорын қызметкерлерін конкурстық іріктеуді жүргізбей лауазымға тағайындауда, қызметкерлерді жұмыстан шығаруда, лауазымды ауыстыру кезінде және қызметкерлердің біліктілік талаптарының сәйкес келмеуі бойынша заң бұзушылықтар анықталмады.

Кәсіпорыннан жұмыс берушінің бастамасымен жұмыстан шығарылған қызметкерлер туралы:

Кәсіпорында есепті кезеңде 2023 жылда жұмыстан жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзғандар:

1. Ақылбеков Жандос Абдималиқұлы 16.10.2023 ж бұйрық №3894.

Басшының бастамасымен еңбек шартын бұзылғанда сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмайды.

Тәртіптік жаза алған қызметкерлер:

Кәсіпорында түрлі себептермен тәртіптік жазаға оның ішінде сөгіс, қатаң сөгіс алған қызметкерлер саны 2023 жылдың тамыз айынан бастап 270 қызметкер болса,

Тәртіптік жаза беру кезінде заң бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмайды.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу.

Қызметкерлердің материалдақ мүддесін, жақын туыстарының, жекжаттарының немесе өзге де үшінші тұлғалардың мүдделерін қанағаттандыруға байланысты, Кәсіпорында шешім қабылдау кезде жеке және заңды тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, өзінің мемлекеттік немесе оларға теңестірілген функцияларын орындау үшін тұлға тиісті функцияларды орындамайтын ұйымдардан, сондай ақ жеке тұлғалардан ақша, қызметтер немесе өзге де нысандар түрінде кез келген сияқы қабылдау бойынша, Мекемелердегі мүліктерді пайдалана отырып, зыңсыз кәсіпкерлік қызметтерді жүзеге асыру бойынша мекемелер қызметіне зиян келтіру мүнкін мүдделер қақтығысына жол беретін заң бұзушылықтар анықталмады.

3) Мемлекеттік қызмет көрсету және құжаттамалық рәсімделу:

Кәсіпорын тарапынан мемлекеттік қызмет көрсету түрі-1.

Кәсіпорын қызметнің мақсаты:

Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау саласындағы өндірістік шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты халыққа медициналық көмек беру болып табылады.

Қойылған мақсаттарды іске асыру үшін кәсіпорын медициналық және дәрігерлік қызметке берілген мемлекеттік лицензияға сәйкес қызмет түрлерін жүзеге асырады.

Түркістан облыстық денсаулық сақтау басқармасы «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-ны алғашқы медициналық көмек көрсету үшін 150 бригада құрайды. Олардың 34 –дәрігерлік болса 116-фельдшерлік бригададан тұрады. Халық санына байланысты кәсіпорында бригада тапшылығы 60 құрайды.

Кәсіпорын бойынша 1 медициналық ақпараттық жүйесі (*КӨМЕК*) жұмыс жасауда.

Дәрігерлер және орта буынды медициналық қызметкерлер толықтай ақпараттық жүйесімен жұмыс істеуге даярлықтан өткен..

4) Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Бюджетті бекітілген немесе қаржы қаражатын игеру бойынша 3 жылдық даму жоспары бойынша Түркістан облыстық денсаулық сақтау басқармасынан (әрі қарай басқарма) 12 комиссия мүшелері құрылып, әр бөлім өзіне қатыстыға байланысты тексеріс жүргізіп, бекітеді.

Бұл комиссия мүшелері әр құжатқа жеке – жеке тоқтап, әр құжаттың дәлелдеме регламенттейтін құжаттарымен салыстыра отырып қаралады.

Есептілік түрлерінің, мониторинг тетіктерінің, бюджет және қаржы қаражатын игеру мен бөлу рәсімдеріне ішкі бақылау ішінара әр тоқсан сайын жүргізіледі және

сыртқы бақылау басқармасыдан және басқа да жоғарғы органдардың бақылауында жүргізіледі.

Бюджет және қаржы қаражатын игеру бойынша есептілік түрлерін әр тоқсан сайын және жылдық есеп түрінде басқармаға және қаржы басқармасына тапсырылады.

Талдау объектісінің бюджет және қаржы қаражатының елеулі сомаларымен операция жасау кезінде ішкі аудит, ішкі бақылау жүргізіледі.

Алдыңғы 2 жылда талдау объектісі бюджет және қаржы қаражатының елеулі сомаларымен операция жүргізген кезде аудит, ревизия және қаржылық бақылаудың өзге де шаралары орнатылып, қалпына келтірілген.

Мемлекеттік сатып алу бойынша сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің саны мен көлемі олардың нақты қажеттілігіне сәйкес келмеу фактісі орын алмаған және оларды сатып алу өндірістік қажеттілікке байланысты, сұранысқа сай орындалады. Тауардың бірлігіне белгіленген бағадан негізсіз асыру жағдайы болмаған. Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды мемлекеттік сатып алудың веб-порталында орналастырылуда. Сатып алу процесі кезінде бәсекелес өнім берушіге қатысты техникалық ерекшеліктерде «ұштау» деп аталатын сипаттамалар кездеспеген. Мемлекеттік аудит органдары тарапынан камералдық бақылау нәтижелері бойынша келген хабараламаларға сәйкес тиісінше тапсырмалар орындалып сатып алу қайта жарияланған. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының тексеру кезінде бұзушылықтар анықталмаған. Жабдықтаушының тауарды жеткізу, жұмыстар мен қызметтер көрсету талаптары мен міндеттемелерін уақытылы орындай алмаған жабдықтаушыларға тиісінше келісім шартқа сәйкес шаралар қолданылып уақытылы орындалып отырғандығын мәлімдейміз.

Банктердің ағымдағы шоттарында күн сайынғы тәртіппен мониторингтік бақылауда орналасқан.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" ҚР 2008.12.10 N 100-IV Заңына сәйкес әр қызметкерден өзіне тиесілі жарналар ұсталынып, төленуде. Осы Кодекс салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді белгілеу, енгізу және есептеу мен төлеу тәртібі жөніндегі билік қатынастарын, сондай-ақ мемлекет пен салық төлеуші (салық агенті) арасындағы салық міндеттемесін орындауға байланысты қатынастарды реттейді. Қазақстан Республикасының салық заңнамасы салық салу принциптеріне негізделеді. Салық салу принциптеріне салық салудың міндеттілігі, айқындылығы, әділдігі, салық жүйесінің біртұтастығы және Қазақстан Республикасы салық заңнамасының жариялылығы принциптері жатады. Қазақстан Республикасында салық салу жалпыға бірдей және міндетті болып табылады.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу кезінде шарттардың міндеттемелері орындалмаған жағдайда ҚР заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларымен немесе басқа да заңды шарттармен, белгіленген сот шешімімен келісе отырып жүргізіледі.

5)Қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету;

Кәсіпорынның әлуметтік желідегі парақшалары 2020 жылы ашылған (*instagram, Facebook*).

Кәсіпорынға қатысты әлуметтік желідегі парақшаларда және БАҚ-та кәсіпорынға қатысты резонанс туғызатын жариялымдар анықталмады.

Кәсіпорында жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен шағымдары тіркелген және мерзімінде жауап берілген.

6)Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 22-баба 1-тармағына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзрет шегінде барық мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті.

Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары бағынысты бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындағыны не тиісінше орындамағаны үшін ҚР заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.

Талдау объектісі қызметкерлерінің басқару функцияларды орындауға уәкілет жемқорлыққа қарсы шектеу қабылданған. Бұзған және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту фактілері орын алмаған.

Талдау объектісінің қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық сипаттағы заңсыз іс-әрекеттер жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде БАҚ-та шағымдар анықталмады.

Қорытынды:

1. «Мемлекетік сатып алу» порталы арқылы алынған тауарларды қабылдап алу комиссия мүшелері жүргізбеген және хаттама толтырылмаған. Бұл өз кезегінде тапсырыс беруші мен жеткізу арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыруы мүмкін.
2. Мекеме қызметкерлері бұйрықтармен ішінара таныстырылған.
3. Кәсіпорын бұйрықтарында Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талыптары сақталмаған.

Жұмыс тобының мүшелері:

Д.Ахметова

Ғ.Сәрсенбай

Ж.Уисинбаева

О.Омар

Д.Туленов

